

ISSN 2616-6895

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Евразийского национального
университета имени Л.Н.Гумилева

BULLETIN
of the L.N.Gumilyov Eurasian
National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Серия **ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ**

3(124)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы
п.ғ.д., проф.
А.А. Молдажанова (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)

А.Р. Ерментаева, п.с. ғ. д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (социология)

Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.

п.ғ.д. (Ресей)

Исламова З.М.

п.ғ.к., доцент (Ресей)

Кажғалиева А.

докторант (Қазақстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Қазақстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Сейтқазы П.Б.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Сунарчина М.М.

ә.ғ.д., проф. (Ресей)

Толубекова Р.К.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Уразбаева Г.Т.

п.ғ.д., доцент. (Қазақстан)

Хан Н.Н.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

ә.ғ.д., проф. (Түркия)

Шайхисламов Р.Б.

ә.ғ.д., проф. (Ресей)

Шалғынбаева Қ.Қ.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген

Д.С. Байтлесова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.

27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.
A.A. Moldazhanova (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy)

G.Zh.Menlibekova, Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.
(Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

A.R. Yermentayeva, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

N.O. Baigabylov, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Hayati Tufekcioglu

Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)

Islamova Z.M.

Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof (Russia)

Ivanova G.P.

Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)

Kazhgaliyeva A.

Doctoral Candidate (Kazakhstan)

Kaldybayeva O.V.

PhD (Kazakhstan)

Khan N.N.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Koleva I.

Dr. (Bulgaria)

Seytkazy P.B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Shaikhislamov R.B.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Shalgynbayeva K.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Sunarchina M.M.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Toleubekova R.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)

Urazbayeva G.T.

Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof (Kazakhstan)

Responsible secretary, computer layout:
D.S. Baytlessova

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University Pedagogy. Psychology. Sociology Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

Главный редактор
д.п.н., проф.
А.А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, д.п.н., проф.
(Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

А.Р. Ерментаева, д.п.н., проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Кажгалиева А.

докторант (Казахстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толеубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., доцент (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Ответственный секретарь, компьютерная верстка
Д.С. Байтлесова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 17001-Ж от 27.03.18.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

Әлімқұлова Э.Ж., Әбелдына Ж.К., Әшірбекова А.К., Муханбетова Н.А. Жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық технологияларын қолдану жолдары.....	8
Байдрахманов Д.Х. Өзгеріс уақытындағы сәтті көшбасшылықтағы эмоциялар.....	18
Бурмистрова В.А., Медиева С.К. Медицина мамандықтарының басқа тілді студенттерді даярлауда тестік формадағы тапсырмалармен қантталған оқу мәтіндерді қолданудың теориялық моделі мен педагогикалық технологиясы.....	23
Елубаева П.К., Исламбекова А.К. Подкасттар студенттердің лингво-мәдени, әлеуметтік-мәдени және тұлғаға негізделген компетенцияларын дамыту құралы ретінде.....	31
Заиниева Л.Ю., Зыкова Н.М., Заурбеков К.С. Жоғарғы мектепте ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі.....	37
Иманбаева С.Т., Джанзакова Ш. И. «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық ағдарламасының зиялы орта құрудағы маңызы.....	44
Қанан А., Табыс Е. Көлемді ашық онлайн курстарының (МООС) жоғарғы білім беру жүйесіне ықпалы	51
Қурманбаев Р.Х., Унгарбаева Г.Р., Таженова С.Қ. БАОӨЖ сабақтарында критериалды бағалауды пайдалану жолдары	61
Мардахаев Л.В. Оқытушының педагогикалық шеберлігі мен педагогикалық мәдениеті.....	68
Мурзина С.А., Молдабекова С.К. Құзыреттілік тұғырындағы заманауи педагогтың моделі.....	77
Мурзина С.А., Навий Л.Н. Біліктілікті арттыру жүйесінде үздіксіз білім беруді жүзеге асыру: психологиялық-андрологиялық негіздері.....	86
Насимов М.Ө., Майгельдиева Ш.М. Білімнің салтанат құруы: білімнің мәні, қажеттілігі және негізгі түсініктері	91
Нурлыбекова А. Б., Мамадалиев С. Болашақ мұғалімдерді жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқуын гуманистік-бағдарлық алдын алуға дайындау	99
Раманова Л.Б., Ибадуллаева С.Ж., Аuezова Н.С. Биология мамандығы студенттерінің көптілді білім беру барысындағы білім деңгейінің динамикасы	104
Саипов А.А. Экологиялық компоненттер географиялық білімнің негізгі құраушысы ретінде.....	109
Салиева А.Ж., Токатлыгиль Ю.С. Жоғары білім беруді модернизациялау жағдайында білім беру бағдарламаларының ғылыми-зерттеу компоненті.....	117
Төребаева К. Ж., Мамбеталина А.С., Түребаева Ш. М. Болашақ педагог мамандарға ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелері.....	122
Туралбаева А.Т., Фазлыева Г.К. Біліктілікті арттыру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі дамытуының кейбір мәселелері.....	130
Устелимова Н.А., Чигирин Е.А. Шет тілін жоғары оқу орындары тілдік емес факультеттерінде оқыту: теория мен практика.....	136
ПСИХОЛОГИЯ	
Абдыкаликова М.Н. Мемлекеттік органның кадрлық жүйесін жетілдіру: психологиялық аспект.....	142
Валиева А.Б., Кабакова М.П. Жұбайлардың жас айырмашылығының ерлі-зайыптылық конфликт себептеріне әсері.....	148
Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Бимендина К.М. Студенттердегі психологиялық даярлықтың құрылымы	153
СОЦИОЛОГИЯ	
Тусупбеков Ж.А., Байгабылов Н.О. Әлеуметтану ғылымындағы жаһандану ұғымы және оның әлеуметтік – мәдени өлшемі.....	162

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Alimkulova E.Zh., Abeldina Zh.K., Ashirbekova A. K. , Mukhanbetova N.A.</i> Ways of use of innovative technologies of training in higher educational institutions.....	8
<i>Baidrakhmanov D.Kh.</i> Emotions in Successful Leadership in Times of Change.....	18
<i>Burmistrova V.A., Mediyeva S.K.</i> Theoretical model and pedagogical technology of using of quantified educational texts with items in a test form in foreign language training of medical students	23
<i>Yelubayeva P.K., Islambekova A.K.</i> Podcasts as a means of the development of linguo-cultural, socio-cultural and person-centered competence of students.....	31
<i>Zainieva L.Y., Zykova N.M., Zaurbekov K.S.</i> Efficiency of application of information technologies in the high school.....	37
<i>Imanbayeva S.T., Janzakova Sh.</i> The importance of the national program “intellectual nation – 2020” in the creation of the intellectual environment	44
<i>Kanan A., Tabys E.</i> The impact of massive open online courses (MOOCs) on higher education	51
<i>Kurmanbayev R.Kh., Ungarbayeva G.R., Tazhenova S.K.</i> Application of criteria-based evaluation in the classroom.....	61
<i>Mardakhayev L.V.</i> Pedagogical mastery and pedagogical culture of the teacher.....	68
<i>Murzina S.A., Moldabekova S.K.</i> Model of the modern teacher from the position of competence-based approach	77
<i>Murzina S.A., Naviy L.N.</i> Continuous education in the system of professional development: psychological-andragogical basis.....	86
<i>Nassimov M.O., Maigeldiyeva Sh.M.</i> The cult of knowledge: essence, need of knowledge and basic concepts.....	91
<i>Nurlibekova A. B., Mamadaliev S.</i> Preparing a future teacher for humanistically directed prevention deviant behavior of adolescents.....	99
<i>Ramanova L.B., Ibadullayeva S.Z., Auezova N.S.</i> Dynamics of the level of knowledge of students of biological speciality in polylingual education.....	104
<i>Saipov A.A.</i> Environmental components as the main components of geographical education.....	109
<i>Saliyeva A.Zh., Tokatligil Yu.S.</i> Research Component of Educational Programs in the Conditions of Modernization of Higher Education	117
<i>Turebayeva K.Zh., Mambetalina A.S., Turebayeva Sh.M.</i> Problems of formation of information culture and training of future teachers on the basis of information and communication technologies.....	122
<i>Turalbayeva A.T., Fazlieva G.K.</i> Some problems of self-development of the person in the system of professional development.....	130
<i>Ustelimova N.A., Chigirin E.A.</i> Teaching a foreign language in non-linguistic faculties in higher educational institutions: theory and practice.....	136

PSYCHOLOGY

<i>Abdykalikova M.N.</i> Perfection of the personnel management system of the public organizations: the psychological aspect.....	147
<i>Valiyeva A.B., Kabakova M.P.</i> Influence of difference in age of spouses on the causes of marital conflicts....	148
<i>Yermentayeva A.R., Aubakirova Zh.K., Bimendina K.M.</i> Structure of psychological preparation of students....	153

SOCIOLOGY

<i>Tusupbekov Zh.A., Baigabylov N.O.</i> The concept of globalization in sociology science and its socio-cultural dimension.....	162
--	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Алимкулова Э.Ж., Абельдина Ж.К., Аширбекова А.К., Муханбетова Н.А.</i> Пути использования инновационных технологий обучения в высших учебных заведениях.....	8
<i>Байдрахманов Д.Х.</i> Эмоции в успешном лидерстве во времена перемен.....	18
<i>Бурмистрова В.А., Медиева С.К.</i> Теоретическая модель и педагогическая технология применения квантованных учебных текстов с заданиями в тестовой форме в иноязычной подготовке студентов медицинских специальностей.....	23
<i>Елубаева П.К., Исламбекова А.К.,</i> Подкасты как средство формирования и развития лингво-культурологической, социокультурологической и личностно-центрированной компетенции студентов.....	31
<i>Зайниева Л.Ю., Зыкова Н.М., Заурбеков К.С.</i> Эффективность применения информационных технологий в высшей школе.....	37
<i>Иманбаева С.Т., Джанзакова Ш.И.</i> Значение национальной программы «Интеллектуальная нация - 2020» в создании интеллектуальной среды.....	44
<i>Канан А., Табыс Е.</i> Влияние массовых открытых онлайн-курсов (МООС) на систему высшего образования.....	51
<i>Курманбаев Р.Х., Унгарбаева Г.Р., Таженева С.К.</i> Применение критериального оценивания на занятиях СРСП	61
<i>Мардахаев Л.В.</i> Педагогическое мастерство и педагогическая культура преподавателя.....	68
<i>Мурзина С.А., Молдабекова С.К.</i> Модель современного педагога с позиции компетентностного подхода	77
<i>Мурзина С.А., Навий Л.Н.</i> Реализация непрерывного образования в системе повышения квалификации: психолого-андрагогические основы	86
<i>Насимов М.О., Майгельдиева Ш.М.</i> Культ знания: сущность, необходимость знания и основные понятия.....	91
<i>Нурлыбекова А. Б., Мамадалиев С.</i> Подготовка будущего учителя к гуманистически направленной профилактике отклоняющегося поведения подростков.....	91
<i>Раманова Л.Б., Ибадуллаева С.Ж., Ауезова Н.С.</i> Динамика уровня знаний студентов биологической специальности в полиязычном образовании.....	104
<i>Саипов А.А.</i> Экологические компоненты как основные составляющие географического образования.....	109
<i>Салиева А.Ж., Токатлыгиль Ю.С.</i> Научно-исследовательский компонент образовательных программ в условиях модернизации высшего образования.....	117
<i>Туребаева К.Ж., Мамбеталина А.С., Туребаева Ш.М.</i> Проблемы обучения и формирования информационной культуры будущих педагогов на основе информационно-коммуникационных технологий.....	122
<i>Туралбаева А.Т., Фазлыева Г.К.</i> Некоторые проблемы саморазвития человека в системе профессионального развития.....	130
<i>Устелимова Н.А., Чигирин Е.А.</i> Преподавание иностранного языка на неязыковых факультетах в высших учебных заведениях: теория и практика.....	136

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абдыкаликова М.Н.</i> Совершенствование системы управления персоналом государственного органа: психологический аспект.....	142
<i>Валиева А.Б., Кабакова М.П.</i> Влияние разницы в возрасте супругов на причины супружеских конфликтов.....	148
<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Бимендина К.М.</i> Структура психологической подготовки студентов.....	153

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Тусупбеков Ж.А., Байгабылов Н.О.</i> Концепция глобализации в социологии и ее социокультурном измерении....	162
--	-----

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 122-129 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 122-129 pp.
<http://bulpedps.enu.kz/>; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

XFTAMP 15.81.21

К. Ж. Төребаева¹, А.С. Мамбеталина,² Ш. М. Түребаева³

¹Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,

³Қ.А.Ясауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университеті Түркістан, Қазақстан
(E-mail: ¹ Turebaeva_KJ@mail.ru, ² mambetalina@mail.ru, ³ turbayeva_shynar@mail.ru)

Болашақ педагог мамандарға ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелері

Аннотация. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың біздің өмірімізге етене енуі, білім беру жүйесін ұйымдастыруға жаңаша көзқарасты талап етеді. Ақпараттық қоғам талабына сай өз қызметінде ғылыми-техниканың соңғы жетістіктерін оңтайлы пайдалана білетін маман дайындау қажеттілігі өзекті мәселе. Ғылыми және практикалық зерттеулерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адамзат танымының әдіснамалық бағыттағы ең негізгі нысаны болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту үдерісінде пайдалану арқылы білім беру қызметінде көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады. Ақпараттық-коммуникациялық технология қоғам талабына сәйкес педагог пен білім алушының ақпараттық құзыреттілігіне қажетті деңгейін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізудің білім алушылардың өзіндік жұмыстарды орындауында, ал оқытушылар үшін білім беру үдерісін жетілдіруде маңызы зор. Оқу үдерісін сапалы жетілдіру білім беруді ақпараттандыру мен оқыту үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдауға байланысты.

Түйін сөздер. Ақпараттық коммуникациялық технология, білім беру, ақпараттық мәдениет, ақпараттық қоғам, студент.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-122-129>

Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні өте зор. Қоғамды ақпараттандырудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланыстарды талдау және болжау, практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастыру, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың теориясы мен практикасын тереңірек меңгеру. Ақпараттық қоғам құру, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың біздің өмірімізге етене енуі, білім беру жүйесін ұйымдастыруға жаңаша көзқарасты талап етіп, ақпараттық қоғам талабына сай білімді ұрпақ тәрбиелеу, яғни өз қызметінде ғылыми-техниканың соңғы жетістіктерін оңтайлы пайдалана білетін маман дайындауды қажет етеді.

Жоғары оқу орнын бітірушілердің сапасына қойылатын талаптардың өсуі білім беру үдерісіне өзгерістер енгізуге әкелетін ғылыми-техникалық дамудың негізі болып табылады. Қазіргі уақытта іс-әрекетте жоғары сапаға жетуді, өз бетінше негізделген және ықпалды шешім қабылдай алуды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістерін меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес.

Оқу үдерісін мүмкіндігінше сапалы жетілдіру білім беруді ақпараттандыру мен оқыту үдерісінде арнайы әдіс-тәсілдерді тиімді ұйымдастыруға байланысты. Демек, соңғы кездегі ғылыми және практикалық зерттеулерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адамзат танымының әдіснамалық бағыттағы ең негізгі нысаны.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану студенттердің ғылыми-танымының қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде студенттер қазіргі заманғы ғылыми таным әдістерін терең меңгереді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім берудің бағдарламалық-әдістемелік құралдар жиынын бере алатын, сапалы педагогикалық білім алудың материалдық және рухани жағдайларын жасай алатын көпсатылы, толыққанды, әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық орта.

Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар арқылы білім берудің ойдағыдай жүзеге

асырылуы, көптеген қағидаларға тікелей байланысты. Атап айтсақ, студенттің болашақ мамандығы туралы ішкі ойының қалыптасуына, оған деген қызығушылығының бағыттарына байланысты болып табылады. С.Д.Смирнов «Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы» еңбегінде, «егер студент оқу орнындағы тәрбие үдерісінің мағынасын терең ұғына білсе және таңдаған мамандықтың болашақ міндетін іштей түсіне білсе, онда олар болашақ маман ретінде жоғары жетістікке жете алады, өйткені оқу үдерісінің дұрыс ұйымдастырылуы маңызды мәселе болып табылады» - деп көрсеткен [1].

Қазіргі заманғы ғылымда «ақпараттық технологиялар» терминінің анықтамасы өте көп. Аталған термин «ақпарат» және «технология» түсініктерімен байланысты. «Ақпарат» және «технология» категорияларының анықтамаларын жалпы ғылымдық және нақты ғылымдық білімдер тұрғысынан қарастырамыз.

«Технология» сөзі (грек тілінде «техне» - өнер, ғылым, + «логос» – түсінік, оқып үйрену) «өндірістік үрдістерді жүргізу орталары мен тәсілдері туралы білімдердің жиынын» білдіреді. Оқу-тәрбие үдерісін жүргізудің орталары мен тәсілдері туралы білімдер жиынын «оқу үдерісінің технологиясы» деп атауға болады.

«Ақпарат» («информация») термині «informatio» деген латын сөзінен шыққан, бұл сөз - мазмұндау, түсіндіру деген мағынаны білдіреді. Тұрмыста, күнделікті өмірде ақпарат ұғымын, адамдардың бір-біріне ауызша, жазбаша немесе басқа да бір әдістермен берілетін мәліметтері ретінде түсінуге болады. Ғылыми және ресми еңбектерде бұл терминнің түрлі анықтамалары кездеседі.

Ақпарат - қызығушылық тудыратын, тіркеуді және өңдеуді қажет ететін фактілер, құбылыстар, оқиғалар жиынтығы. Ақпараттың көзі және қабылдаушысы болады. Олардың әрқайсысы ретінде - ғылым мен техника, қоғам мен табиғат объектілері, адам қоғамы бола алады. Олардың өзара әрекеттесу нәтижесінде ақпарат пайда болады. Кибернетиканың «ақпарат теориясы» деген саласында «ақпарат» терминінің анықтамасы төмендегіше беріледі. Ақпарат дегеніміз тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін объект (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын фактілерден тұратын мәліметтер жиынтығы. Басқаша айтқанда, ақпарат — тұтынушының мәлімет алғанға дейінгі әсерін белгілі бір деңгейде шешетін құрал, объект туралы оның түсінігін кеңейтетін мәлімет.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды адам іс-әрекетінің барлық саласына ендіру білім беруге қойылатын жаңаша талаптарды айқындай түсті. Білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы мәселелерді зерттеуге арналған ғылыми әдебиеттерді (В.М.Монахов, И.В.Роберт т.б.) талдау танымдық операцияларды басқару үдерісіне, жоғары оқу орындары пәндерінің оқыту мазмұны, әдістері, орталары, оқыту формалары, функциялары, психологиялық-педагогикалық сипатының жаңа құрылымдарға ие болатындығын көрсетеді [2; 3].

Ақпараттық қоғам жағдайындағы білім беру жүйесінің басты талаптары мен жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы, ал оның негізгі техникалық және педагогикалық мүмкіндіктерін дамыту маңызды мәселе болып саналады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға байланысты жоғары білімді, қабілетті мамандарды даярлауда студенттердің жүйелік кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын белгілі салада қалыптастыру жұмыстарының ғылыми- педагогикалық негізін жасау, оны уақыт талабына сай тез арада шешу арнайы ғылыми жолмен зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Студенттерге білім беру барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде ойлау, шығармашылық әрекеттерінің жаңа формалары пайда болады. Сондай-ақ, мұны адамның психикалық үдерістерінің дамуы ретінде де қарастыруға болады.

Психология ғылымында адамның сана-сезімінің дамуы таным үдерісі арқылы жүзеге асырылады. Таным үдерісі барысында адамның өзін қоршаған орта туралы алған білімі тереңдеп, заттар мен құбылыстардың шынайы болмысын тануы қалыптасады.

Оқытушы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде оқу материалын көрнекілік әдіспен түсіндіруде табиғаттағы құбылыстарды, үдерістерді, заңдылықтарды көрсетеді. Бұл кезде оқытушының қызметі – көрсету болса, студенттерге білім беру көзі көрнекі құралдар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар болып табылады да ұсынылған оқу материалынан

қорытынды жасау, фактыларды бақылау, содан қорытынды тұжырым қалыптастыру студенттердің іс-әрекеті болып табылады.

Педагогика және психология жоғары жүйке қызметінің, оған негізделген адамның қабылдау ерекшеліктеріне сүйене отырып тұжырым жасайды: оқу материалын ұсыну барысында меңгерудің жоғары сапасына оқытушының сөзі мен көрнекі түрде берілетін бейнені тікелей ұштастырудың нәтижесінде қол жеткізуге болады. Көрнекілікті жүзеге асыру ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі басты мүмкіндіктерінің бірі.

Ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жүргізу біршама жетістіктерге қол жеткізетіні бірқатар зерттеушілер еңбектерінде дәлелдеген. Дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда ақпараттық-коммуникациялық база негізінде дайындалған интербелсенді бағдарламалар студенттің қызығушылық ынтасын оқу материалына толық аударып, соның әсерінен есте қалатын материал көлемі артады, оқытуға кететін уақыт үнемделеді. Нақтылап айтқанда, оқу материалын меңгеруге кететін уақыт біршама үнемделеді, ал меңгерген материал көлемі бірнеше есе артады. Интербелсенді байланыс – пайдаланушы мен бағдарламалық жабдық арасындағы өзара сұрақ-жауап алмасу үдерісі.

Педагогикалық қабілеттілік, мамандық таңдау мен мотивтің арасындағы байланыстың негізінде қалыптасып қана қоймайды, сонымен қатар қабілеттілік педагогикалық қызмет барысында дамиды. Демек, студенттердің оқу мотивінің қалыптасуына әсер етуші факторлар: сабақ мазмұны, оны оқыту технологиясы, оқытушының жеке басы, студенттік ұжым арасындағы өзара байланыс, қол жеткізген нәтижелері.

Студенттің алға қойған оқу қызметі нәтижесінің ауқымды болуына оқыту мотивінің күші мен сипаты ықпал етеді. Сонымен қатар, студенттерді көбіне зерттеу барысының шығармашылық қызметке тікелей байланысы қызықтырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беруге бағытталған оқыту курсын құру білімдердің логикалық байланыстағы жүйесін қабылдау үшін және кәсіби бағдарланған терең білімдерді қалыптастыру, оқу пәндерінен меңгерілген теорияның, түсініктердің байланыстарының тізбесін құру қажеттігін қамтамасыз ететін талаптарды қарастырады.

Оқыту үдерісі негізгі ақпараттық-коммуникациялық операциялардың барлық түрлерін қосу негізінде ақпараттық болып табылады, яғни: білімді тасымалдау және алу (ақпаратты), өңдеу (білімді жинау, жүйелеу), нәтиже беру (нақты педагогикалық міндеттерді шешу білімінің нәтижесі). Қазіргі кезде осындай көзқарастың ықпалымен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы ақпараттық жүйелерді құру заңдары мен ережелері негізінде білім беру үдерісін жобалау жолға қойылып келеді.

Оқыту үдерісін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы құру оқытушылардың алдынан жаңа міндеттер мен мүмкіндіктер ашып, одан жаңа білімдерді, жаңаша ойлауды, оқытудың жаңа қағидалары мен формаларын талап етеді. Ал педагогикалық үдерісте оның арнайы шарттары есепке алынады.

Ғылыми зерттеулерде педагогикалық шарттарға байланысты бірқатар анықтамалар қарастырылған. Анықтамаларды талдау барысында «педагогикалық шарттар» қойылған міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны мен ұйымдастыру түрлерінің объективтік мүмкіндіктері, оларды жүзеге асырудың жиынтығы ретінде қарастырылды. Педагогикалық шарттар дидактикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін оқыту мазмұнын, әдістерін, сондай-ақ, оны ұйымдастыру элементтерін мақсатқа сай іріктеп алу, құрастыру және оны қолдануды білдіреді.

Жоғары оқу орнының білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда келесі педагогикалық шарттар анықталды:

- педагогикалық технологияны, ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен интерактивтік жабдықтарды және интернет-технологияны сабақтастыра қолдану.

Бұл жағдайда білім мазмұнына ақпараттық-коммуникациялық технологияны құрал ретінде қолдану педагогтың кәсіби қызметін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мультимедиялық электрондық материалдар оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Егер материал иллюстрация, анимациялық нысан түрінде берілсе, онда білім алушылардың визуалдық ақпараттарды қабылдау арқылы оқуға деген қызығушылығы артып, білім сапасын көтеруге ықпал етеді. Бұл жағдайда педагогтың ақпараттық сауаттылығы қалыптасады.

- педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық және кәсіби құзыреттіліктердің өзара тәуелділігі. Бұл жағдайда, білім алушылар өздігінен білім алуға, ізденуге және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыруға ұмтылады.

- педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін үздіксіз қалыптастыру. Бұл жағдайда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу пәндерін жүргізуде демонстрациялық, басқарушылық, бақылаушылық, тексерушілік құралдар қызметін атқарады. Нәтижесінде педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады.

Олай болса, педагогикалық шарттар арқылы болашақ педагогтардың біліктілігін қалыптастыру жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, болашақ педагогтарды дайындау бастапқы деңгейінен оның кәсіби деңгейін жетілдіруге дейінгі аралықты қамту арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен дамуы педагогтардың құзыреттілігін арттыруға қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Сондықтан болашақ педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру құрылымын төмендегідей қарастыруға болады:

- педагогикалық үдерістердің қалыпты өтуін қамтамасыз ету;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану,
- оқытудың технологиялық үдерісі мен оны жетілдіруді басқару;
- ақпараттар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың ережелерімен және нормаларын, талаптарын сақтау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияны кәсіби деңгейде қолданудың нақты іс-әрекетке сәйкес болуы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту үдерісінде пайдалану білім беру қызметінде мына мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- интерактивтік сұхбат қолданушының компьютермен қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады;
- түрлі нысандар, құбылыстар, үдерістер үлгілерін басқару;
- оқу үдерісінің нәтижелерін автоматты түрде басқарудың нәтижелері бойынша түзетулер енгізу.

Жоғарыда атап көрсетілген білім беру қызметінің түрлері, біріншіден, педагогтардың ой-өрісін кеңейтуге бағытталған әдістемелерді жасауға мүмкіндік береді; екіншіден, қазіргі қоғамда өте қажетті, әрі тиімді шешімдер қабылдай алу немесе қиын жағдайлардан шығудың жолдарын таба білу сияқты қарым-қатынастық құзыреттіліктерді қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жағдайында педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастырудың түрлі жолдары бар, атап айтқанда:

- оқу-бағдарламалық құралдар арқылы: игерілген білім мөлшерінен көрсету, педагогтардың білім алуы, тәжірибелік қызметі мен өзіндік қабілеттерін қалыптастыру, оқу материалдарын игерудің қажетті деңгейін қамтамасыз ету;
- педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы алған білімі, біліктілігін және дағдысын тексеру;
- ақпараттық бағдарламалар жүйесі мен ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар құру;
- оқу материалының басты құрылымдық және қызметтік сипаттамаларын қамтитын бағдарламалар құру;
- нысанның, құбылыстардың, үдерістің немесе белгілі бір жағдайдың нақты және «виртуалды» үлгілерін жасауға арналған бағдарламалық оқу құралдарын құру;
- оқу материалдарын көрнекілік жағынан қамтамасыз етуге негізделген демонстрациялық оқу құралдарын дайындау;
- педагогикалық жағдаяттар бойынша бағдарламалар құру.

Осы негізде кәсіби біліктіліктің қалыптасуы мен дамуы – маманның іскерлігін меңгертуге бағытталған үдеріс.

«Меңгеру» ұғымы «үйрену» деген мағынаны білдіреді. «Кәсіпті меңгеру» деген ұғым зерттеулерде кәсіби оқыту субъектісі ретіндегі студенттің іс-әрекетін сипаттау үшін қолданылады. Ал кәсіпті меңгеру кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады.

Кәсіби біліктілікті қалыптастыру жоғары оқу орнында болашақ маманның кәсіпті меңгерудегі іс-әрекеті алмасып отыратын екі кезеңінде өрістейді:

- кәсіби біліктілікті меңгеру кезеңінде студент кәсіби оқыту үдерісінің басқа субъектілерімен (оқытушы, курстастарымен, өзіндік даму субъектісі ретінде өзімен т.б.) әрекеті.

- кәсіби біліктілікті қолдану кезеңінде студент болашақ маман ретінде кәсіби көмек пен қызметті меңгерушілермен өзара әрекеті.

Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы меңгеру мен қолдану кезеңдеріндегі іскерлік үдерісін қамтиды. Сол іскерліктер байланысы оқытушылар мен білім алушылар арасында өзара байланыс жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Студенттердің кәсіби біліктілігінің пайда болуы мен қалыптасуының негізгі көзі өзіндік бағасы бар оқу-танымдық мақсаттарды меңгеру стратегиясы және оны жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау болып табылады.

Кәсіби біліктіліктің қалыптасуы мен дамуына ішкі білім жүйесі мүмкіндік береді. Ішкі білім жүйесі деп отырғанымыз – кәсіпті меңгеру мақсаты, мазмұны мен технологиясының педагогикалық жағдайлар, психологиялық механизмдерді ескере отырып жасалған тұтас жиынтығы. Бұл жағдайда, біріншіден, жоғары оқу орнында оқушы жай ғана студент болып қана қоймайды, қалыптасушы және дамушы маман болады, екіншіден, оның жинақталған әлеуеті кәсіби біліктілігінің дамуын қамтамасыз етеді.

Қоғам өмірін ақпараттандыру және онымен байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жан-жақты дәріптеу, білім беру жүйесінің дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Оқу-тәрбие үдерісіне қажетті техникалық құралдардың жеткілікті болуы, кәсіптік білім мамандығы студенттерінің біліктіліктерін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастыруды зерттеу қажеттігін көрсетті.

Студент іс-әрекетінің маңызды бағытын ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз ету және оқу-танымдық, кәсіби-практикалық іскерліктерін қалыптастыру үшін білімді меңгеру, жүзеге асыру мен дамыту механизмдері қолданылады. Бұлар кәсіпті меңгеру үдерісінің сипатын береді.

Жоғары мектепте оқыту жағдайында студенттің болашақ кәсіпті меңгеру үдерісі мен іс-әрекет құзыреттіліктерін анықтауда зерттеуші Е.А.Ракитина ұсынған тәсілдеріне сүйенуге болады:

1. *Ақпараттық-талдаушылық құзыреттілік*: қоғам мен жеке тұлға өміріндегі ақпарат рөлін түсіну, өз қызметінде ақпараттық үдерістердің заңдылықтарын біліктілігі; практикалық және тұлғалық мәні, қасиеттері тұрғысынан ақпаратты бағалау және талдау дағдыларын меңгеру;

2. *Танымдық құзыреттілік*: түрлі табиғи объектілерді зерттеуде ақпараттық тәсілдің мәнін түсіну; жүйелік-ақпараттық талдаудың негізгі сатылары туралы білім; талдау, теңестіру, жалпылау;

3. *Қарым-қатынастық құзыреттілік*: қарым-қатынас құралы ретінде тілдік қарым-қатынас, тілдерді пайдалану ерекшеліктерін түсіну; қарым-қатынастың қазіргі заманғы байланыс құралдарының маңызды сипаттары туралы білім; қарым-қатынастың этикалық нормалары туралы білім;

4. *Технологиялық құзыреттілік*: қызметті ұйымдастырудың технологиялық тәсілінің мәнін түсіну; ақпараттық қызметтің автоматтандырылған технологияларының ерекшеліктері туралы білімі; түрлі ақпараттық технологиялардың негізін құрайтын дағдылар.

5. *Техникалық құзыреттілік* (технологиялық құзыреттілік): ақпараттық үдерістердің орындалуы мен автоматтандырылуының айырмашылықтары туралы білім және біліктілігі;

6. *Әлеуметтік құзыреттілік*: ақпараттың сенімділігіне жеке жауапкершілікте болу; тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігі мәселелерінде өзі мен өзгелердің құқықтарын білуі.

7. *Кәсіби іс-әрекет құзыреттілігі*: кәсіби қызметтегі ақпараттық үдерістер ағысының ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсіну; кәсіби маңызды ақпараттың сипаты мен қасиеттері туралы білім; кәсіптік қызметте пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің негізгі түрлері және осы жүйемен жұмыс істеу дағдыларын игеру [4].

Студенттің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеміне енуінің алғашқы деңгейі ретінде компьютерлік және ақпараттық мәдениетті атауға болады. Компьютермен бастапқы танысу мектепте немесе тіпті мектепке дейін орындалатын деңгей. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастыру - ақпаратты іздеу және

бағдарламалармен жұмыс істеумен қатар болашақ педагогтардың қызмет барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды қалыптастыруы болып табылады.

Ақпараттық қоғам мүшелерінің ақпаратпен және ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істей білу туралы білімдерінің, біліктіліктерінің, яғни ақпараттық мәдениеттерінің жоғары деңгейде болуын қажет етеді. Ақпараттық мәдениет педагогтың кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады.

Е.А.Медведева ақпараттық мәдениетті қарастыруда адамға ақпараттық кеңістікте бағыт алуға, оның қалыптасуына және ақпараттық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін білім деңгейіне баса назар аударған [5].

А.А.Оганов, И.Г.Хангельдиеваның «Теория культуры» атты оқу құралында ақпараттық мәдениетке: «ақпараттық мәдениет – ақпаратты қолдану, сақтау, тасымалдау мен қабылдау саласындағы адам қызметінің сапалық сипаттамасы»- деп түсінік береді [6].

Бірақ бұл анықтама ақпараттық мәдениет ұғымын толық сипаттау мүмкіндігін бере алмайды. Біз мәселені талдау барысында анықтаманы былайша тұжырымдауға ұмтылыс жасадық: ақпараттық мәдениет – бұл ақпаратпен мақсатты бағытта жұмыс жасау әрекеті және жұмыс әрекеті барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда қалыптасатын моральдық-этикалық нормалары мен ғылыми білім жүйесі.

